

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**
«КорқытАта атындағы Қызылорда университеті»КеАҚ

«Бекітемін»

Корқыт Ата атындағы Қызылорда
университетінің Басқарма Төрағасы-
ректоры

Б.С.Кәрімова

2021 ж.



ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Қызылорда
2021

1. 2021 жылы «31» 03 Фылыми кеңес мәжілісінде қаралды, хаттама № 11.

2. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-ректорының «01» 04 2021 ж. № 147-а бүйрығымен қолданысқа енгізілді.

МАЗМУНЫ

1.	Жалпы ережелер	4
2.	Анықтамалар мен қысқартулар.....	4
3.	Диссертациялық кеңестердің қызметін ұйымдастыру.....	4
4.	Диссертациялық кеңестің функциялары	6
5.	Диссертациялық кеңестердің қызметін қаржыландыру тәртібі.....	17
6.	Нормативтік сілтемелер.....	18

1.Жалпы ережелер

Бұл Ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (қазіргі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті) төрағасының 04.03.2019 ж. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру жөніндегі диссертациялық кеңестер ашу туралы» №207 бұйрығына сәйкес «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы жаңынан құрылған диссертациялық кеңестердің қызметін үйымдастыруды және функцияларын анықтайды.

2.Анықтамалар мен қысқартулар:

Ережеде келесі анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті жаңындағы диссертациялық кеңестер - докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін және уәкілдті орган - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің (бұдан әрі - Комитет) алдында философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беруді қолдап ұсыныс түсіретін алқалы органдар.

Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор – ғылыми-педагогикалық бағыт немесе кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантурға бағдарламасын менгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тысқары жерде диссертация қорғаған тұлғаларға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәрежелер.

Комитет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті.

ҚР БФМ - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі.
«ҰМFTCO» АҚ – «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сарнадама орталығы» АҚ.

3. Диссертациялық кеңестердің қызметін үйымдастыру

3.1. Диссертациялық кеңестер 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін кадрлар даярлаудың келесі бағыттары (мамандықтары) бойынша жұмыс жүргізеді:

1) 8D01 Педагогикалық ғылымдар:

- 8D011 - Педагогика және психология; 8D013 - Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау (біріккен);
- 8D015 - Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау (Биология);

- 8D017 - Тілдер мен әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау (Қазақ тілі және әдебиеті);
- 2) 8D04 Бизнес, басқару және құқық;
- 8D041 - Бизнес және басқару (Экономика, Мемлекеттік және жергілікті басқару);
- 3) 8D07 Инженерлік, өндешіші және құрылым салалары;
- 8D073 - Сәулет және құрылым (Кұрылым материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру, Кұрылымыс).
- 4) 8D08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар:
- 8D081 - Өсімдік шаруашылығы (Агрономия);
- 8D086 - Су ресурстары және суды пайдалану (Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау).

3.2. Диссертациялық кеңестің құрамына ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар кемінде 6 (алты) адам кіреді олардың ішінен кемінде 50% (елу) басқа ЖОО-ның, ғылыми ұйымдардың және (немесе) басқа да ұйымдардың өкілдері болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында мүшелерінің 50% (елу), оның ішінде тәраға, тәраға орынбасары және ғалым хатшы тұрақты мүшелер болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында мүшелерінің 50% (елу) докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалады. Диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында кеңестің тұрақты құрамы диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындейді.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ретінде докторанттың ғылыми кеңесшілері, сондай-ақ докторантпен және оның ғылыми кеңесшісімен үлестес тұлғалар:

- 1) жақын туыстары – ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алған балалары, аға-інісі мен әпке-сіңлісі, қарындастары, аталары, әжелері, немерелері, жұбайы немесе зайыбы, жекжаттары;
- 2) докторант немесе ғылыми кеңесші еңбек қатынасында немесе олардан қаржылық немесе өзге де ресурстар алуды қөздейтін басқа да қатынастарда тұрган ұйымдардың қызметкерлері;
- 3) соңғы 3 (үш) жыл ішінде бірге жариялаған мақалалар және шолулар тең авторлары тағайындалмайды.

3.3. Диссертациялық кеңестердің кемінде 2/3 (үштен екі) мүшесінің Хирш индексі (кемінде 3 (үшеу)) немесе рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдары болады:

1) 8D01 Педагогикалық ғылымдар, 8D04 Бизнес, басқару және құқық дайындық бағыттары бойынша –ClarivateAnalytics (КларивэйтАналитикс) компаниясының JournalCitationReports (ЖорналЦитэйшэнРепортс) мәліметтері бойынша алғашқы үш квартильға енетін басылымдарда соңғы 5 (бес) жыlda кемінде 2 (екі) жарияланымы немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша, дайындық бағытына сәйкес, ең болмағанда бір ғылым саласынан кемінде 35 (отыз бес) процентиль көрсеткіштері бар журналда кемінде 2 (екі) жарияланымы;

2) 8D07 Инженерлік, өндөуші және құрылыш салалары, 8D08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар дайындық бағыттары бойынша – ClarivateAnalytics (КларивэйтАналитикс) компаниясының JournalCitationReports (ЖорналЦитэйшэнРепортс) мәліметтері бойынша алғашқы үш квартильға енетін басылымдарда кемінде 3 (үш) жарияланымы немесе Scopus (Скопус) деректер базасында, дайындық бағытына сәйкес, ең болмағанда бір ғылым саласынан кемінде 35 (отыз бес) процентиль көрсеткіштері бар журналда кемінде 3 (үші) жарияланымы.

3.4. Диссертациялық кеңестің құрамына енгізілмейді:

- 1) университеттің Басқарма Төрағасы- ректоры;
- 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қызметкерлері;

3) Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде қорғалған, соңғы 5 (бес) жыlda Комитеттің төріс шешімін алған диссертациялардың ғылыми кеңесшілері, жетекшілері болған мамандар.

3.5. Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы және ондагы өзгерістер, сондай-ақ кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы ҚорқытАта атындағы Қызылорда университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде Басқарма Төрағасы-ректордың бұйрығымен бекітіледі.

3.6. Диссертациялық кеңес құрамы, сондай-ақ құрамына өзгерістер енгізу Комитетпен келісілген ҚорқытАта атындағы Қызылорда университетті Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде, Басқарма Төрағасы-ректордың бұйрығымен бекітіледі.

3.7. Диссертациялық кеңес құрылғаны туралы ақпарат Басқарма Төрағасы-ректордың бұйрығы жарияланған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

Диссертациялық кеңес құрылған күннен бастап бір ай ішінде университет бұл туралы ақпаратты Комитетке жібереді (осы Ереженің 1-қосымшасы).

3.8. Диссертациялық кеңестің отырыстарының кестесі күнтізбелік жылға жасалады және Басқарма Төрағасы-ректордың бұйрығымен бекітіледі. Диссертациялық кеңестің бір отырысында 2 (екі) диссертациядан артық қорғалмайды және 1 (бір) күн ішінде 2 (екі) отырыстан көп өткізілмейді.

3.9. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті жанындағы нақты білім беру бағдарламасы (мамандық) бойынша диссертациялық кеңестің жабылуына мыналар негіз болады:

- 1) Комитеттің докторантқа дәреже беруден бас тартуға немесе диссертацияны пысықтауға немесе қайта қорғауға жіберуге негіз болған осы кеңесте қорғалған диссертациялар жөніндегі 3 (үш) және одан да көп шешімі;
- 2) докторантуралық тиісті кадрлар даярлау бағыты бойынша білім беру қызметтің жүргізу құқығына берілген лицензиясынан айыру;
- 3) докторантуралық білім беру бағдарламасының аккредиттеу мерзімінің аяқталуы.

Осы Ережеде белгіленген талаптарды диссертациялық кеңес 3 (үш) реттен көп бұзған жағдайда диссертациялық кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары және ғалым хатшысы ауыстырылады.

3.10. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде плагиатқа тексеруге арналған «Антiplагиат» компьютерлік бағдарламасы жұмыс істейді. («Антiplагиат.Вуз» Бағдарламалық кешені 29.11.2018ж. №329 келісімшарт негізінде альянс. Келісімшарттың әрекет ету мерзімі 3 жылне 30 000 тексеру лимитіне жету). Тексеру бейінді кафедраның және (немесе) құрылымдық бөлімшениң кеңейтілген отырысына дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын аяқталады.

4. Диссертациялық кеңестің функциялары

4.1. Диссертациялық кеңестің функциялары:

- 1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;
- 2) диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және реиси рецензенттерді тағайындау;
- 3) диссертациялық кеңес мүшелерінің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі – Диссертациялық кеңестің комиссиясы) құру;
- 4) диссертацияның ашық түрде қорғауды өткізу;
- 5) диссертация бойынша шешім қабылдау.

4.2. Диссертациялық кеңестің мүшелері:

- 1) обьективті, толық және дәйекті мәліметтерді ұсынады;
- 2) диссертация қорғауға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;
- 3) ғылыми этиканың бұзылу фактілеріне ден қояды;
- 4) шешім қабылдағанда қоғамдық пікірдің тарағтардың бірінің немесе үшінші тарағтың әсеріне тәуелді болмайды;
- 5) мудделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

6) қызмет бабында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ары мен абыройына нұқсан келтіретін дөрекі, корлайтын сөздерді, айыптауларды пайдаланбайды.

Осы тармақта көрсетілген талаптардың орындалмау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

4.3. Күнтізбелік жыл аяқталған соң диссертациялық кеңес осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша диссертациялық кеңестің жұмысы туралы Комитетке есеп береді.

4.4. Диссертациялық кеңес докторанттың диссертациялық жұмыс немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде. № 6951 болып тіркелген) бекітілген Дәрежелер беру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 5-1-тармагының талаптарына сәйкес жарияланған мақалалар сериясы нысанында ұсынған диссертациясын қорғауды өткізеді.

4.5. Қорғауға құжаттарды қабылдауға дейін докторант оқыған ЖОО кафедрасының не құрылымдық бөлімшесінің ғылыми кеңесінің кеңейтілген отырысында (бұдан әрі – кеңейтілген отырыс) диссертацияны алдын ала талқылауды өткізеді. Жоғары оку орнының докторанттың кеңейтілген отырыс өткізілгеннен кейін диссертацияны талқылаудың басқа нысандарынан міндетті түрде өтуін талап етуіне жол берілмейді.

Кеңейтілген отырыстан 1 (бір) ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласы бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе академиялық дәрежесі (философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) маманға рецензияға жолданады.

Кеңейтілген отырысқа кафедра және (немесе) құрылымдық бөлімшелер мүшелерінің кемінде 2/3-сі (үштен екісі), ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ аралас (бағыттас) кафедралардың және (немесе) ЖОО-ның құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми, басқа да ұйымдардың өкілдері қатысады.

Отырыста кеңесшілер болмаған жағдайда, докторанттың диссертациясы бойынша олардың пікірін кафедраның немесе құрылымдық бөлімшенің басшысы/басшының орынбасары оқиды.

4.6. Кафедра және (немесе) құрылымдық бөлімшелердің кеңейтілген отырысының теріс шешімі болған жағдайда докторанттың диссертациясы жөнделгеннен кейін қайта талқылауга туседі.

4.7. Кафедраның және (немесе) құрылымдық бөлімшенің кеңейтілген отырысының оң шешімін алғаннан кейін докторант Зерттеулерді этикалық бағалау бойынша комиссиядан өтеді. Құжаттар Комиссия отырысынан 5(бес) күн бұрын оның хатшысына электронды түрде келесі тізім бойынша тапсырылады:

- 1) Комиссия төрағасының атына жазылған өтініш;
- 2) докторанттың диссертациясы;
- 3) ғылыми кеңесшілердің пікірі;
- 4) диссертация орындалған кафедра және (немесе) құрылымдық бөлімшениң қорытындысы.

4.8. Басқа ЖОО докторантурасының тулегі Корқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің диссертациялық кеңесіне докторантуралық бітірген жерінің Этикалық комиссиясының анықтамасын ұсынуы тиіс.

4.9. Кафедраның және (немесе) құрылымдық бөлімшениң кеңейтілген отырысының және ЖОО Этикалық комиссиясының оң шешімін алған докторант жоғары оку орнының басшысына өзінің ғылыми жұмысын қай диссертациялық кеңесте қорғайтынын көрсетіп өтініш береді. Егер докторант Корқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің диссертациялық кеңесін көрсеткен жағдайда, онда докторант оқыған ЖОО 10 (он) жұмыс күні ішінде оның құжаттарын университеттің диссертациялық кеңесіне жібереді.

4.10. Құжаттарды қабылдауды диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы жүзеге асырады, оларды 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімінде тіркең, диссертациялық кеңестің қарауына ұсынады. Диссертацияны корғауға қабылдау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында кеңестің тұрақты құрамы осы Ереженің 3.2-тармағының талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындауды. Диссертациялық кеңестің отырысына кеңестің уақытша мүшелері толықтай қатысуы тиіс.

4.11. Құжаттар қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңес диссертацияны корғау күнін белгілеуі және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе академиялық дәрежесі (философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар және докторанттың зерттеу саласы бойынша кемінде 5 (бес) ғылыми мақаласы бар екі рецензентті тағайындауы керек.

Докторант диссертациялық кеңеске қосымша келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) қазак, орыс, ағылшын тілдеріндегі жалпы көлемі 1,0 б.т. қағаз және электронды тасымалдағыштағы андатпа;
- 2) диссертацияның соңғы нұсқасы қатты мұқабада және электронды тасымалдағышта;

3) диссертация корғауға жіберу туралы бұйрық.

4.12. Басқа ЖОО докторантураларының тулектері бекітілген құжаттар тізбесіне қоса өз ЖОО басшыларының Корқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Басқарма Төрағасы-ректорының атына жазылған қолдау-хатты ұсынуы тиіс. Қолдау-хат құжаттармен қамтамасыз ету және архив бөлімінде тіркелген соң Басқарма Төрағасы-ректордың шешімі негізінде бейінді диссертациялық кеңеске жіберіледі. Құжаттарды қабылдауды диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы жүзеге асырады, оларды кемінде 2 (екі) жұмыс күні

мерзімінде тіркең, диссертациялық кеңестің қарауына ұсынады. Құжаттар қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңес диссертацияны қорғау күні белгілейді.

Диссертация бойынша оң шешім қабылданған жағдайда басқа жоғары оку орнының докторантты Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Басқарма Төрағасы-ректорының атына «диссертация қорғауга жіберу туралы» өтініш жазады. «Диссертация қорғауга жіберу туралы» бұйрықтың жобасын ғылыми зерттеулерді үйлестіру бөлімі дайындауды.

Университет докторантурасының бұрынғы тулектері 4 кредиттің құнын төлеуі және бұйрық жобасын дайындау үшін жоғары оку орнынан кейінгі білім боліміне төлем жасағанын растайтын құжаттарын тапсыруы кажет. Университеттің Басқарма Төрағасы-ректорының бұйрығы шыққаннан кейін барып, диссертациялық кеңес диссертация қорғау датасын белгілейді.

4.13. Диссертацияны қорғауды өткізу мерзімі қорғау күні белгіленген кезден бастап 3 (үш) айдан аспауы тиіс. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттардың құжаттарының түсү кезегі сақталады.

4.14. Диссертациялық кеңес рецензенттерді тағайындау кезінде олардың ғылыми кеңесшілермен өзара тәуелсіз болу қағидаларын басшылыққа алады.

Мыналар реєсми рецензент бола алмайды:

- 1) Комитет қызметкерлері;
- 2) докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарының тең авторлары;
- 3) диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген ЖОО-ның құрылымдық бөлімшелерінің және (немесе) ғылыми үйымдардың басшылары және қызметкерлері;
- 4) соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми консультанттар немесе реєсми рецензенттер болған мамандар.

4.15. Реєсми рецензентке диссертация жолдау хатпен қоса жіберіледі.

4.16. Диссертациялық кеңес докторанттардың қорғауы және кеңестің қызметі туралы келесі материалдарды университеттің интернет-ресурсында орналастырады:

- 1) докторант, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және реєсми рецензенттер туралы ақпаратты, диссертацияны ұсыну нысанын, мекенжайын, күні мен уақытын (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын, тұрақты негізде қолжетімді болады) көрсете отырып, алдағы қорғау туралы хабарлама;
- 2) диссертация (қорғаудың белгіленген күніне дейін 1 (бір) ай бұрын), сондай-ақ оның диссертациялық кеңестің ескертүлері бойынша титул парагында тиісті белгілері бар пысықталған барлық нұсқалары (тұрақты негізде қолжетімді);

3) жалпы көлемі 15 беттен аспайтын қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын). Аннотацияда қорғауға шығарылатын диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негізdemесі, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы жазылады;

4) докторант жарияланымдарының тізімі (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

5) ғылыми консультанттардың қорғаудан кейін 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болатын пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

6) ресми рецензенттердің пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын);

7) қорғаудың толық көлемдегі бейнежазбасы, монтажға жол берілмейді (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін 5 (бес) ай бойы қолжетімді);

8) диссертациялық кеңестің диссертациялық жұмысты пысықтауға, қайта қорғауға жіберу туралы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);

9) апелляциялық комиссияның шешімі (болған жағдайда, шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылдағаннан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);

10) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады);

11) қорғаулар өткізу күнінің, уақытының, орнының өзгеруі және ресми рецензенттердің ауысуы туралы хабарландыру (болған жағдайда);

12) диссертациялық кеңестің күрамы туралы ақпарат және диссертациялық кеңес қызметінің тәртібі;

13) қолданыс мерзімдерін көрсете отырып, мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінің, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензиялық жүйелерінің бар болуы туралы ақпарат;

14) докторант оқыған ЖОО-ның жанындағы Этикалық комиссияның зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы (осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес);

15) диссертациялық кеңестің бейнеконференция нысанындағы online (онлайн) отырысын өткізуді ұйымдастыру жөніндегі ақпарат.

4.17. Диссертация университеттің интернет-ресурсында орналастырылған жағдайда, авторлық құқықтарды қорғау қамтамасыз етіледі, диссертация материалдарын заңсыз көшіруден және одан әрі пайдаланудан қорғау технологиялары қолданылады. Университеттің интернет-ресурсында орналастырылғаннан кейін диссертация мәтініне өзгөрістер енгізуге жол берілмейді. Диссертациялық жұмыс пысықталған жағдайда оның соңғы нұсқасы философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін университеттің интернет-ресурсында «Диссертациялық жұмыстың соңғы нұсқасы» деген белгімен орналастырылады.

Университеттің интернет-ресурсында диссертация мазмұны бойынша бейресми пікірлерді орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі, кейін олар қорғауда ұсынылады. Авторын белгілеу мүмкін емес және автордың электрондық поштасы көрсетілмеген бейресми пікірлер қорғауда ұсынылмайды.

4.18. Алдағы қорғау туралы хабарламаны диссертациялық кеңес қорғауга қабылдау күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитетке жолдайды. Хабарлама да түскеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

4.19. Диссертация қорғауга қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңес диссертацияны докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын тексеру үшін "Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы" АҚ-ға (бұдан әрі - ҰМФТСО) жібереді. Титул парақ пен пайдаланылған әдебиеттер тізімі плагиатқа тексерілмейді. ҰМФТСО диссертация түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оның мәтінін ашық қолжетімді түрде өзінің интернет-ресурсында орналастырады. Диссертация тұрақты күйде қолжетімді болады.

4.20. Қорғағаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертацияның электронды тасымалдағыштағы даналарын Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына береді. Диссертацияның қағаз және электронды тасымалдағыштағы данасы университеттің ғылыми кітапханасына беріледі.

4.21. Ресми рецензенттер диссертация мен жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске осы Ережеге 4-қосымшага сәйкес нысанды жазбаша пікірлерін ұсынады.

Егер диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын болса, ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша мақалаларының ғылыми деңгейін зерделейді. Егер мақаланың 2/3 және одан көп бөлігі докторанттың зерттеу тақырыбымен байланысы болмаса, оны ресми рецензент ескермейді.

Ресми рецензенттер пікірлерінде мына шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру (ерекше мәртебесі бар ЖОО жаңындағы диссертациялық кеңесте қоргалған жағдайда) немесе Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау (ерекше мәртебесі жоқ ЖОО жаңындағы диссертациялық кеңесте қоргалған жағдайда);

2) диссертацияны пысықтауга жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қоргалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензенттер жазбаша турде бас тартқан немесе рецензиялауға мүмкіндік болмаған жағдайда ауыстырылады. Егер ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктіріліп қабылданса, қорғау күні ауыстырылады.

4.22. «ҰМFTCO» АҚ анықтамасында, ресми рецензенттер және университеттің интернет-ресурсындағы бейресми пікірлерінде плагиат фактілері көрсетілген жағдайда Диссертациялық кеңестің комиссиясы диссертацияны плагиатқа тексереді. Тексеру туралы қорытынды диссертациялық кеңеске диссертация қорғауына 8 (сегіз) жұмыс күні қалғанға дейін беріледі.

4.23. Диссертациялық кеңестің Комиссиясының қорытындысы негізінде диссертациялық кеңес (қорғауға дейін 7 (жеті) күннен кешіктірмей) докторантты қорғауға жібереді немесе диссертацияны қорғаудан алып тастайды. Қабылданған шешім туралы диссертациялық кеңес докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды және тиісті ақпарат университеттің интернет-ресурсында орналастырылады. Докторант диссертациясын қорғау мерзіміне 7 (жеті) күн қалғанға дейін оны қорғаудан қайтарып ала алады.

4.24. Диссертациялық кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы докторанттың ғылыми кеңесшілері болып табылған жағдайда олар диссертацияны қарастыру кезінде диссертациялық кеңестің отырысында өз міндеттерін орындаі алмайды. Диссертациялық кеңес төрағасының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен төраға орынбасарына, төраға орынбасары мен ғалым хатшының міндеттерін орындау кеңес мүшелеріне жүктеледі.

Төраға, төрағаның орынбасары мен ғалым хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда диссертациялық кеңестің отырысы өткізілмейді.

4.25. Диссертациялық кеңес диссертация қорғау барысының толық көлемде бейнежазбаға түсірілуін қамтамасыз етеді, монтажға жол берілмейді.

4.26. Диссертациялық кеңестің отырысы егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3-і (үштен екісі) қатысқанда занды болып саналады.

Ресми рецензенттердің және диссертациялық кеңестің уақытша тағайындалған мүшелерінің отырысқа қатысуы міндетті болып табылады.

Диссертациялық кеңес мүшелері және ресми рецензенттер қорғауга бейнеконференция нысанында қатыса алады.

Диссертацияны ашық қорғау интернет желісінде тікелей онлайн трансляция режимінде өтеді. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялар қорғалатын жағдайда диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттердің бейнеконференция нысанында қатысуына, сондай-ақ интернетте трансляциялауға жол берілмейді.

Отырысқа практикалық саланың шақырылған мамандарының қатысуына жол беріледі (диссертация қолданбалы сипатта болса).

Диссертациялық кеңес докторантқа, диссертациялық кеңес мүшелеріне, ресми рецензенттерге диссертациялық кеңес отырысын бейнеконференция нысанында өткізу туралы электрондық пошта және кеңестің сайтында хабарлама беру арқылы диссертация қорғауға кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні қалғанда хабарлайды.

Диссертациялық кеңес отырысты бейнеконференция нысанында өткізгендегі:

отырысқа қатысатындардың визуалды идентификациясы;

интернет желісінде отырысқа қатысуышылар сөздерінің үздіксіз бейнене және аудио трансляциясы;

отырыстың бейне- және аудиожазбасы;

диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі қамтамасыз етіледі.

4.27. Диссертациялық кеңес келесі шешімдердің біреуін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді жүргізеді.

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалған жағдайдаған);

3) диссертацияны қайта қорғауға жіберу;

4) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор гылыми дәрежесін беруден не Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасаудан бастарту.

Диссертациялық жұмыс егер оны тузету жұмыстың мәнін өзгертуей, мәтін бойынша елеусіз ескертулер болған жағдайда пысықтауға ұсынылады. Егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармағына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе, онда ол қайта қорғауға жіберіледі. Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда диссертация

философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

4.28. Докторанттың ғылым көңесшісі, тікелей басшысы немесе жақын туыскандары болып есептеле тін диссертациялық көңес мүшелері дауыс беруге қатыспайды.

Жасырын дауыс беруде ресми рецензенттер қатысады, олардың дауыстары диссертациялық көңес мүшелерінің дауыстарына тең.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешімі, егер оған дауыс беруге қатыскандардың 3/4 (төрттен үші) және одан көбі дауыс берсе, қабылданады деп саналады.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, диссертацияны пысықтауға не қайта қорғауға жолдау туралы шешімі, егер дауыс беруге қатыскандардың 2/3 (үштен екісі) және одан көбі дауыс берсе, қабылданады деп саналады. Егер дауыстар көрсетілген санға жетпесе, қайта дауыс беру өткізіледі, онда диссертацияны пысықтауға не, егер оған отырыска қатысып отырған көңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

4.29. Диссертацияны қорғауды өткізу отырысина диссертациялық кеңестің кейір мүшелері on-line режимінде бейне-конференция нысанында қатысқан жағдайда, олар Google-form арқылы дауыс береді.

Диссертациялық кеңестің шешімі, егер оған отырыска қатысқан диссертациялық көңес мүшелерінің 2/3 (үштен екісі) және одан көбі дауыс берсе, оң қабылданады деп саналады. Егер шешімге отырыска қатысқан диссертациялық көңес мүшелерінің 2/3-інен (үштен екісінен) кемі дауыс берсе, теріс шешім қабылданады.

4.30. Теріс шешім қабылданған жағдайда диссертациялық көңес диссертацияның осы Улгі ереже мен Дәрежелер беру ережесінің қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды.

Диссертациялық жұмысты қайта қорғау алдындағы қорғаудан 6(алты) айдан кем емес уақыт өткенде осы Улгі ережеде белгіленген тәртіппен өткізіледі. Диссертациялық кеңестің уақытша құрамы және ресми рецензенттер сақталады. Диссертация қайта қорғауға 2 (екі) реттен артық жіберілмейді.

4.31. Диссертацияны пысықтауға жіберу туралы шешім қабылданғанда диссертациялық көңес диссертациялық жұмыс бойынша нақты ескертулер қамтылған қорытынды шығарады.

Пысықталған диссертациялық жұмыс диссертациялық көңеске үш айлық мерзімде ұсынылады, оны 3 (үш) айдан артық мерзімге ұзартуға болмайды. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді диссертациялық көңес докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Егер пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген уақытта ұсынылмаса, докторант қайта қорғаудан өтеді.

Докторант діссертациялық кеңестің ескертулерімен толық не жартылай келіспейтін жағдайда ол берілген ескертулерге дәйектелген жауаптарын ұсынады.

Пысықталған діссертация «ҰМFTCO» АҚ-на плағиатқа тексеруге жіберіледі. «ҰМFTCO» АҚ анықтамасын алғаннан кейін діссертациялық кеңес рецензенттермен бірге пысықталған діссертациялық жұмысты және діссертациялық кеңестің ескертулерін жою мәніне ескертулерге жауаптарды (болған жағдайда) талқылау жөнінде отырыс өткізеді. Отырыс осы Үлгі ереженің 4.26-тармағында белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте интернетте онлайн трансляциясыз отырыстың бейнежазбасы жүргізіледі.

Талқылаудан кейін жай көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы дәреже беру немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

4.32. Діссертациялық кеңестің ғалым хатшысы діссертациялық кеңесте докторлық діссертация қоргалғаннан кейін докторанттың аттестациялық ісін жинақтайды, ол Комитетке күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жіберіледі.

Докторанттың аттестаттау ісінде мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) діссертацияның «ҰМFTCO» АҚ жіберілген күні көрсетіліп, діссертациялық кеңес төрағасы қол қойған діссертациялық кеңес құрылған ЖОО бланкінде ілеспе қолдаухаты (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын діссертациялардан басқа);

2) электронды тасымалдағыштағы діссертация. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын діссертация да қағаз тасымалдағышта беріледі;

3) діссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар тізімі мен көшірмелері;

4) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) «ҰМFTCO» АҚ-ның діссертацияның плағиатқа тексерілгені туралы анықтамасы. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын діссертация бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнайы оку орындарындағы және (немесе) ғылыми ұйымдардағы комиссияның діссертацияның плағиатқа тексерілгені туралы анықтамасы ұсынылады;

6) осы Ережеге З-қосымшаға сәйкес нысан бойынша діссертациялық кеңес мушелерінің келу парагы;

7) діссертацияны қорғау жөніндегі және пысықталған діссертациялық жұмысты талқылау бойынша (қажет болғанда) діссертациялық кеңес отырысының толық көлемдегі бейнежазбасы және төраға мен ғалым хатшы қол қойған хаттamasы;

8) докторантуралың кәсіптік оку бағдарламаларын менгергені туралы транскриптің көшірмесі;

9) осы Ережеге бұқосымшага сәйкес нысан бойынша докторант туралы мәлімет.

1), 3), 4), 5), 6), 8) және 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттар Комитетке «пдф (pdf)» файлы форматында сканерленген түрде ұсынылады (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын аттестациялық істерден басқа).

4.33. Комитеттің теріс шешімі қабылданған диссертация қайта қорғауға осы Ереженің З-тарауында белгіленген тәртіппен ұсынылады.

Қайта қорғауға ұсынылған диссертация бойынша диссертациялық кеңес диссертацияда бұдан бұрын орын алған бұзушылықтар жойылғаны туралы қорытынды жасау үшін өз құрамынан 3 (үш) мүшениң тағайындаиды. Олардың қорытындысы қорғаудан кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын университеттің интернет-ресурсында орналастырылады және диссертация қорғау барысында таныстырылады.

4.34. Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант шешім шығарылған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде ерікті нысанда береді.

Апелляцияны өткізу тәртібін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті дербес бекітеді.

4.35. Апелляциялық комиссия құрамына кемінде 5 (бес) адам кіреді, олардың 2 (екеуі) ғылым департаментінің өкілдері, және кадрлар даярлаудың тиісті бағыттарына, сондай-ақ диссертациялық кеңес мүшелеріне қойылатын талаптарға сай келетін ғалымдар. Бұл құрамға диссертацияның ғылыми кеңесшілер, рецензенттері, сарапшылары, докторантпен үлестес тұлғалар, осы диссертациялық кеңестің мүшелері тағайындалмайды.

Апелляциялық комиссияның қорытындысы ашық дауыс беру негізінде қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық комиссия тәрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Апелляция университет жанындағы диссертациялық кеңестің шешіміне берілген жағдайда, апелляциялық комиссияның он қорытындысы және диссертация соғы шешім қабылдау үшін құнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде Комитетке жіберіледі.

Апелляциялық комиссияның шешімі оны қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде докторантқа хабарланады және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің интернет-ресурсына орналастырылады.

4.36. Осы Ережемен реттелмейтін, оның ішінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беруден, апелляцияга беру мерзімін қалпына келтіруден бас тарту мәселелері бойынша даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібімен шешіледі.

5. Диссертациялық кеңестердің қызметін қаржыландыру тәртібі

5.1. Диссертациялық кеңестердің жұмысы университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен, бекітілген смета бойынша, қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес қаржыландырылады.

5.2. Шығыстар сметасы жыл сайын диссертациялық кеңестердің жұмыс жоспары негізінде олардың ғалым хатшысымен жасалады.

5.3. Эр диссертациялық кеңестің төрағасы мәжіліс өткізу күнін хабарлайтын және диссертациялық кеңес мүшелерін шақыру қажеттігі туралы (шақыру сыртқы ұйымның басшысы атына хат жазумен рәсімделеді) университеттің Басқарма Төрағасы- ректорының атына қызметтік жазба береді, қорғауға ұсынылып отырган диссертацияның реңми рецензенттерін тағайындау туралы бұйрық қоса беріледі.

5.4. Диссертациялық кеңестердің ғалым хатшылары диссертациялық кеңестердің жұмысын ұйымдастыруды қаржыландыруға қатысты шығыстарға төлем жасау құжаттарын әкімшілік және техникалық сұйемелдеумен қамтамасыз етеді.

5.5. Университет диссертациялық кеңестің отырыстарын және диссертацияларды ашық түрде қорғауды өткізу үшін қажетті жағдайлармен, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдалануға беру арқылы қамтамасыз етеді;

5.6. Диссертациялық кеңестердің отандық мүшелеріне еңбегіне ақы төлеу профессор-оқытушылық құрам орындайтын оку, оку-әдістемелік және ғылыми зерттеу жұмыстарының көлемін есептеуге арналған уақыт нормасына сәйкес жасалады. Диссертациялық кеңестердің отандық мүшелерінің көрсететін қызметтерінің құны 1(бір) диссертация қорғау үшін 1 (бір) сағаттың құнын есептеумен анықталады.

5.7. Диссертациялық кеңестердің шетелдік мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу Шетелдік мамандарды тарту және шақыру бойынша шығындарды өтеу тәртібі туралы ережеге сәйкес жасалады.

5.8. Докторантуралық бітірушілері бойынша басқа жоғары оку орындарынан келетін реңми рецензенттердің еңбек ақысын өтеу және іссапар шығындары тараптардың келісімі арқылы сол жоғары оку орындарына жүктеледі.


5.9. Егер университет докторантурасын бітірушінің диссертациясы ағылшын тілінде ұсынылса, онда мемлекеттік немесе орыс тілдерінде толық егжей-тегжейлі аннотация беріледі. Қажет болған жағдайда диссертациялық кеңес аудармашы шақырады, оның еңбегіне ақы төлеу университеттің қолданыстағы нормативтік құжаттарына сәйкес жасалады.

6. Нормативтік сілтемелер


Ереже:


- Казақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.03.2011 ж. №126 бүйрігімен (09.03.2021ж.өзгертулерімен және толықтыруларымен) бекітілген Диссертациялық кеңес туралы Үлгі ережеге;
- Казақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.03.2011ж. №127 (09.03.2021ж.өзгерістерімен және толықтыруларымен) бүйрігімен бекітілген Дәрежелер беру ережесіне;
- «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің» КеАҚ ОПҚ орындайтын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемін есептеуге арналған уақыт нормаларына;
- Шетелдік мамандарды тарту ережесі мен оларды тарту шығындарын өтеш тәртібіне;
- «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің» КеАҚ Жарғысына сәйкес әзірленген.

ЕНГІЗІЛДІ (ӘЗІРЛЕНДІ):


Ғылым департаментінің директоры  К.Ә. Омаров 01.04.2021 ж.
күні

КЕЛІСІЛДІ:

Оку-әдістемелік
жұмыстар жөніндегі проректор  А.Т.Жұнісов 01.04.2021 ж.
күні

Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыстар
және халықаралық байланыстар
жөніндегі проректор  Б.А.Прмантаева 01.04.2021 ж.
күні

Басқарма мүшесі – стратегиялық даму
және қаржы жөніндегі проректор  Н.Ж. Уразбаев 01.04.2021 ж.
күні

Басқарма мүшесі – әлеуметтік және
тәрбие жұмыстары жөніндегі
проректор  Ж.Н.Базартай 01.04.2021 ж.
күні

Персоналмен жұмыс және
күқықтық мәселелер
басқармасының басшысы  С.М. Ильясова 01.04.2021 ж.
күні

Диссертациялық кеңес туралы
ережеге 1-қосымша
Нысан

Диссертациялық кеңес мүшелеріне үміткерлер туралы ақпарат

№	Т.А.Ә. (болған жағдайда) (мемлеке- ттік немесе орыс және ағылшы- н тілдерін де)	Дәрежесі , ғылыми тағы	Негізгіжұмы- сорны	Азamatт- ығы	Халықаралықпараттық Web of science (Вәб өф Сайнс) және Scopus (Скопус) базаларыныңдеректерібойынша Хиршиндексі	Clarivate Analytics (КларивейтАналит икс) компаниясының JournalCitationRepo- rts (ЖорналЦиттәшэн Репортс) деректері бойынша бірінші үш квартильге кіретін немесеScopus (Скопус) деректер базасындаCiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль корсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда жарияланымдар	Басылымда- р тізбесіндег- і журналдар- дағы жарияланы- мдар
1	2	3	4	5	6	7	8

Диссертациялық кеңес туралы
ережеге 2-қосымша
Нысан

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ жанындағы

кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңес
Есеп минаяй мәліметтерді қамтиды:

1. Откізілген отырыстар саны туралы деректер.
2. Отрыстыардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, экесінің аты (бар болса).
3. Оку орны көрсетілген докторанттар тізімі.
4. Минаяй бөлімдері белгіленеп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:
 - 1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;
 - 2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қылыштастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;
 - 3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.
 5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).
 6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.
 7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:
 - 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 5) пысықтауга жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының).

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Мер Мерзімі 20 жылғы «__» ____

Диссертациялық кеңес туралы
ережеге З-қосымша

Нысан

Этикалық комиссияның қорытындысы _____
(ЖКОО атавы)

1.	Докторанттың ТАӘ	
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3.	Докторантурада оқу кезеңі	
4.	Диссертация тақырыбы, бекіту мерзімі	
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы деректер – Т.А.Ә. (болған жағдайда), жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	
6.	Зерттеу объектілері	
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
8.	Ғылыми зерттеу нәтижелерін е тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
9.	Зерттеу объектілерінің (жанды табигат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді?	

Этикалық комиссияның төрағасы _____
(коло, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)
Этикалық комиссияның хатшысы _____
(коло, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Диссертациялық көңес туралы ережеге 4-
косымшасы
Нысан

Ресми рецензенттін жазбаша пікірі

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттін үстелдік
1.	Диссертация тақырыбынын (бекіту күніне) ғылымиң даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>1.1 Ғылымиң даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен жобалып жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен немірі);</p> <p>2) Диссертация баска мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавы)</p> <p>3) Диссертация Казахстан Республикасының Укіметі жаңындағы Жогары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылыми дамуның басым бағытына сәйкес (бағытының көрсету)</p>	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылыми елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал онын маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	
3.	Өзі жазу принциптері	<p>Өзі жазу дәнгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) томен;</p> <p>4) өзі жазбаган</p>	
4.	Шілді бірлік принциптері	<p>4.1 Диссертация озектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) жартылай негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1)айқындайды;</p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындаамайды</p>	

	<p>4.3. Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	
	<p>4.4. Диссертацияның барлық белімдері мен құрылышы логикалық байланыскан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок 	
	<p>4.5. Автор үсынған жана шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) съни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделеп 	
5.	<p>Ғылыми жаңа науқылдық принципі</p> <p>5.1 Ғылыми нағижелер мен қагидаттар жана болып табылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толыымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады) 3) жана емес (25% кем жана болып табылады) <p>5.2 Диссертацияның корытындылары жана болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толыымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесебарушілдері жаңе негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толыымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады) 	<p>Барлық корытындылар да дәлелдемелерде негізделеп/негізделмеген (qualitative/research және онертану және гуманитарлық бағыттары болыша)</p>
7.	<p>Негізгі корытындыларда ың негізділігі</p> <p>7.1 Қорғауға шығарылған</p>	<p>Әр қагидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру кажет:</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденіп мә?</p>

	Негизгі кәнідаттар	<p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбейді; 4) дәлелденбейді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) ортша; 3) кең</p> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жок</p>	
8.	Дәйектілік принцип Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>8.2 Диссергация жұмысының нағижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы талымы зерттеудердің көзіргі заманы әдістері мен деректердің ондуғу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырыш альынған:</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>8.2 Теориялықкорытындылар, модельдер, анықталғанозарабайланыстаржәнездандылтықтарэксперименткізерткеулөрм ендәлелденгенжәнерастаптан (педагогикалық ғылымдар бойынша даәрлай баянтары үшін нағижелер педагогикалық эксперимент негізінде</p> <p>1) ия;</p>	

		2) жок
		8.4 Манызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелремен расталған / ішінәр расталған / расталған
		8.5 Гайдапалылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз
9	Практикалық күндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық манзы бар: 1) ие; 2) жок</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық манзы бар және алынған нағиелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары: 1) ие; 2) жок</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады? 1) толынымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жаңаболып табылады); 3) жаңаесе (25% кем жаңаболып табылады)</p>
10.	Жазу және ресімдеу саласы	<p>Академиялық жазу саласы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>

Диссертациялық кеңес
туралы ережеге
5-қосымша
Нысан

Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парагы

20__ жылғы «__» диссертациялық кеңестің отырысы, хаттама №__

Докторант _____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациясын қорғауы

Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Дәрежесі	Отырысқақатысуы (қолы)
1	2	3

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Диссертациялық кеңес
туралы үлгі ережеге
б-қосымша

Нысан

Докторант туралы мәлімет

(тегі, аты, экесінің аты (болған жағдайда))

Фото
3x4

1	Тұған күні және жері, азаматтығы, ұлты	
2	Докторантурада оқығаны туралы мәлімет (ЖОО және оқу мерзімі)	
3	Докторантурала мамандығы	
4	Диссертацияның корғалған орны және күні	
5	Диссертацияның тақырыбыжәннеказылған тілі	
6	Ғылыми консультанттар (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)	
7	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)	
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:	
	Басылымдар тізбесіндегі басылымдарда	
	Webofscience (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) базасындағы шетелдік басылымда	
	халықаралық конференция материалдарында, оның ішінде:	
9	Шетелдік конференция материалдарында	
	Еңбек жолы	
Қабылдау мерзімі	Босату мерзімі	Жұмыс орны, лауазымы
		Мекеменің мекен-жайы
10	Мекен-жайы, байланыс деректері	

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____ (қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Мер, мерзімі 20__ жылғы «__»